

Перевод и значение слова "ссуда":

несие

Меншік иесінің өз мүлкін, бұйымын, ақшалай қаражатын пайдалану мерзімін белгілей отырып екінші бір адамға уақытша өтеусіз пайдалануға беруі. Қазіргі жазба нұсқаларда, сондай-ақ кейбір сөздіктерде несие термині қарыз және кредит аталымда-рына мағыналас сөз ретінде қолданылады. Алайда заңнамалық құжаттарда және экономика ғылымы бойынша әдебиеттерде көрсетілген терминдердің ұғымдық айырмашылықтары бар. Мәселен, кредит — несиенің бір түрі; кредит бойынша белгілі бір пайыз көлемі төленуі міндетті. Кредитті компания немесе банк береді, ал несие азаматтардың белгілі бір санаттарына мемлекет тарапынан немесе кәсіпорынның, мекеменің өз қызметкерлерінің кейбір топтарына беретін мүлік немесе ақшалай қаражат. Несие бойынша пайыз төленбеуі де мүмкін. Демек, несие — кредит терминіне қарағанда, кең мағынада.

несие алу жөніндегі өтінім — заявка на получение ссуды несие алушы — ссудополучатель несие беруші — ссудодатель несие капиталы — ссудный капитал несие келісімшарты — договор ссуды несие құны — стоимость ссуды несие пайызы — ссудный процент несие шоты — ссудный счёт несиеге қарыз алушы — ссудозаёмщик несиені өтеу — погашение ссуды несиені өтеу мерзімі — срок погашения ссуды несиені өтеу мерзімін ұзарту — отсрочка погашения ссуды несиені ішінара өтеу — частичное погашение ссуды өтелмеген несие — непогашенная ссуда

Переведено с помощью "Кәсіпкер сөздігі"